


10 Тақырып.

Жұмыссыздық пен инфляция экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде

1. Жұмыссыздық: мәні, пайда болу себептері, түрлері, зардаптары. Оукен заңы
2. Инфляция: мәні, түрлері, әлеуметтік-экономикалық салдарлары.
3. Филлипс қисық сызығы. Инфляцияға қарсы саясат.



Жұмыссыздар – бұл табыс алуға құқық беретін жұмыс орнын иеленуге мұқтаж, еңбек етуге қабілеті мен ынтасы бар адамдар.

Жұмыссыздардың құрамына мыналар кірмейді: жасы мен денсаулығы бойынша жасы мен денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыз адамдар, жұмысқа жарамды бірақ белгілі бір себептерге байланысты жұмыс орнына үмітті емес адамдар (үй шаруасындағы әйелдер), жұмысқа жарамды және жұмыс іздеп жүрген, бірақ еңбек биржасында тіркелмеген адамдар).

Жұмыссыздыққа байланысты әртүрлі мектеп өкілдерінің қөзқарасы

Мальтузиандық теория жұмыссыздықтың пайда болуын тұрғындардың тым артып кетуімен түсіндіреді.

Кейнстік теория бұл құбылысты нарықтық сұраныстың жетіспегендігімен дәлелдейді.

Еркін кәсіпкерлік мектебінің теориясы жұмыссыздық жалақы деңгейінің жоғарлауымен туындайды.

Монетарлық теорияны жақтаушылар жұмыссыздық себебін мемлекеттің ақша саясатын дұрыс жүргізбеуінде екендігімен түсіндереді

Жұмыссыздықтың түрлері

Еркін (фрикциондық) жұмыссыздық - адамдардың бір орыннан екінші орынға қозғалысымен және бір кәсіпорыннан басқаға ауысуымен байланысты белгілі бір дәрежесін сипаттайды.





Құрылымдық жұмыссыздық.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде бос жұмыс орындары мен жұмыссыздардың арасындағы кәсіби-біліктілік пен аумақтық сәйкессіздік құрылымдық жұмыссыздықтың басты себебі болып табылады. Экономиканың дамуы құрылымдық өзгерістер тудырып отырады: жаңа технологиялар, жаңа тауарлар пайда болады.

Циклдық жұмыссыздық. Мұның негізін экономикалық құлдырау мен экономиканың бір секторындағы немесе аймақтағы жұмыс күшінің артуы басқа жерде оның жеткіліксіз болуымен қатар жүреді.

Экономикалық конъюнктураның өзгеруімен анықталады. Ол циклдық өрлеу кезінде, азайып, дағдарыстар тұсында көбейіп отырады.



Маусымдық жұмыссыздық.


Өндірістің кейбір салаларындағы өндіріс көлемінің маусымдық ауытқуымен байланысты болады: ауыл шаруашылығы, құрылыс және т.с.с. Бұларда жыл бойында еңбекке сұраныс елеулі түрде өзгеріп отырады



Технологиялық жұмыссыздық – бұл адамдардың еңбек күшін машинамен алмастыру нәтижесінде болатын жұмыссыздық



Құрылымдық және фрикциондық жұмыссыздықтар оның «табиғи» деңгейін білдіреді. Бұл жағдайда инфляция орташа көлемде жүреді. Циклдық факторлар жұмыссыздықты «табиғи» деңгейден жоғарылатады.



Шамадан тыс жұмыссыздықтың кері әсерлері: біріншіден- әлеуметтік, яғни жұмысшылардың ешқандай жұмыс істемеуі олардың мамандығының жойылуына, тұлғалық азғындауына, әлеуметтік және саяси шиеленіске әкеледі. Екіншіден, экономикалық, яғни өнім шығарылмайды, ЖҰӨ-нің көлемі азаяды.

ЖҰӨ-ң шығынын анықтау үшін **Оукен заңын** қолданады. Ол жұмыссыздық деңгейі мен ЖҰӨ арасындағы математикалық тәуелділікті көрсетеді. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейінен асқан әрбір 1 % ЖҰӨ-ді 2,5 %-ке төмендетеді. Мысалы, табиғи жұмыссыздық- 6 % , нақты жұмыссыздық- 9 % болса, онда ЖҰӨ 7,5 %-ға төмендейді

$$(9 - 6) * 2,5 = 7,5$$

Мемлекеттің **халықты жұмыспен қамту саясаты** әртүрлі нысанда жүзеге асырылады. Соның ішіндегі аса маңызды бағыты қоғамдық өндірісте мемлекеттік бюджет есебінен қосымша жұмыс орындарын ашу, жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау және қайта даярлауды ұйымдастыру болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекет адамдарға өзін-өзі жұмыспен қамтуға жағдай жасайды. Осы саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру.

Еңбек рыногын реттеуде еңбек биржасы маңызды орын алады. **Еңбек биржасы** дегеніміз жұмыс күшін сату-сатып алу туралы кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы делдалдық қызмет атқаратын мекеме.

Инфляция термині латынша - inflatio - қазақша - ісіну, қампаю дегенді білдіреді. Тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз ақшалардың тым көбейіп кету процесін білдірген.

Инфляция өндіріс процесінің бұзылуы, шаруашылық салаларының бір-бірімен үйлесімсіз дамуы және мемлекеттің эмиссиялық саясаты мен коммерциялық банктердің іскерлігінің икемсіздігі салдарынан туындайтын күрделі әрі көп факторлы құбылыс.

Инфляция-кешенді себептерден туындайды және олардың ең маңыздысы мыналар болып табылады:

- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы және оларды жабу үшін қағаз ақшалар шығарылады;
- мемлекеттің өндірістік емес шығындары (әсіресе әскери шығындар) деңгейінің жоғарылығы;
- тауар тапшылығы, оның сұранымды ұсынымнан алшақтауға алып келуі және осының негізінде-бағаның өсіуі;
- бірқатар өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы, олардың өзінің өніміне тұтыну сапасын арттырмай-ақ немесе барынша өте қымбат өнімді шығарумен жүзеге асырылуы;
- жалақы өсуінің еңбек өнімділігі өсуінен алшақтығы және басқада бірқатар себептер

Сұраныс инфляциясы негізінен ақшалай факторларға байланысты туындайды, яғни айналыстағы ақша массасы өссе, соның нәтижесінде төлем қабілеті бар сұраныс та жоғары болады. Ал сол кездегі бір қалыпты баға жағдайында өндірістің оралымсыздығы сұранысты қанағаттандыра алмайды. Сөйтіп жиынтық сұраныс экономикалық өндірістің мүмкіндіктерін жоғарылатып, бағаның көтерілуіне әкеледі.

Шығындар инфляциясы өнімге баға белгілеуде әсер ететін ақшасыз факторларға байланысты туындайды. Ол ең алдымен жалақы төлеуге шығындардың өсуі.

Тауар бағасының өсуі халықтың табысын төмендетіп, жалақыны қайта индекстеуді талап етеді. Жалақының өсуі өз кезегінде өнімді өндіру шығындарының өсуіне, пайданың төмендеуіне, қолданылып жүрген баға бойынша шығаратын өнім көлемінің қысқаруына әкеп соғады. Пайданы сақтап қалу мақсатында өндірушілер тауар бағасын көтеруге мәжбүр болады. Нәтижесінде инфляциялық серіппе (спираль) пайда болады, бағаның көтерілуі жалақының өсуін талап етсе, жалақының өсуі бағаны көтереді. Бұл жалақы мен бағаның «инфляциялық серіппе» теориясы деп аталады.

Дүниежүзілік тәжірибеде инфляцияны мына шартты түрлерге бөледі:

- экономиканы қамтитын аумағына байланысты- **жергілікті және әлемдік** инфляция.
- қозғалыс қарқынына байланысты- **біркелкі** (баға үнемі төмен қарқынмен өседі), **үздіксіз және сатылы** (бір қалыпты емес) инфляция.

- даму қарқынына байланысты- **жылжымалы инфляция**, онда бағаның өсу қарқыны жылына орташа есеппен 5-10 %-тен аспайды; **қарқынды инфляция** - онда бағаның өсуі орта есеппен 10 %-н 50%-ға дейін жетеді
- **Ұшқыр инфляция** (гиперинфляция)- онда бағаның өсуі жылына 100 %-тен асады; Халықаралық Валюта Қоры баға айына 50%-ға өссе, оны ұшқыр инфляцияның ішіндегі аса ұшқыры (супергиперинфляция) деп атайды.

- инфляцияның тауар бағаларының өсуінен көрінуіне байланысты инфляцияны ашық және басыңқы деп бөледі.

Егер инфляцияның өсуі жұмыссыздықтың өсуімен және өндірістің құлдырауымен ұштасса, ондай құбылысты «стагфляция» деп атайды.

Инфляцияға қарсы ұзақ және қысқа мерзімдік іс-шаралар саясаты

Біріншіден, халықтың инфляциялық үрейін жою мақсатын көздейді. Ол үшін кез келген үкімет инфляцияға қарсы саясатты үздіксіз де тұрақты түрде жүргізіп, тұрғындардың сенімін орнықтыруға тырысады. Үкімет өзінің белсенді іс-шаралары негізінде (өндірісті ынталан дыру, монополиямен күрсу, т.б.) нарықтың тиімді қызмет атқаруына жағдай жасайды.

Екіншіден, салықтарды арттырып, бірақ мемлекеттік шығындарды қысқарту арқылы бюджет тапшылығын реттеу іс шаралары жүргізіледі. Бюджет тапшылығын Орталық банк несиесімен қаржыландыру инфляцияны асқындырады.

Үшіншіден, ақша айналымын реттеу іс шаралары, нақты айтқанда, жылдық ақша көлемінің өсуіне шек қою, бұл инфляцияның өсуін қадағалауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, сыртқы факторлардың әсерін әлсірету. Жеке алғанда, бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін сырттан алынған қысқа мерзімдік қарыздардың экономикаға жасайтын инфляциялық ықпалын әлсірету.